

**Үлгілерді ыстық баспақтауға арналған автоматты гидравликалық пресстің  
техникалық сипаттамасы  
(Лот 7)  
Жалпы талаптар**

Үлгілерді әртүрлі шайырларға ыстық баспақтауға арналған автоматты гидравликалық пресстің құрамына кіреді:

1. Әдістемелер параметрлерін автоматты түрде санауы бар ыстық баспақтау бойынша орнатылған басшылық;
2. Бағдарламаның автоматты түрде реттелетін параметрлері: күші, температуралық режимі, қыздыру және суытудың есептелген уақыты, старт/стоп;
3. Пресс күші қадамы 25 бар артық емес 50 - 350 бар диапазонындағы;
4. Температура қадамы 5°C, 80 - 180°C диапазонында, бірақ 180°C артық емес;
5. Қыздыру/суыту уақыты: 1-15 мин. қадамы 0,5 мин артық емес;
6. Баспақтау цилиндрлерінің таңдалатын диаметрлері: 25, 30, 40, 50мм, 1 1/4", 1 1/2";
7. 3 жүрісті бұрандалы қосылыс көмегімен орнатылатын жоғарғы плунжер. (Байонетті қосылысты қолдануға болмайды);
8. Өлшемі 320x240 мм ақ жарық диодты фондық жарығы бар үлкен сұйық кристалды дисплей;
9. Жұмыс үрдісінде құю блогының шептік панелінде жарық индикациясы;
10. Баспақтау үрдісінің аяқталуын көрсететін дыбыстық сигнал және жарық индикациясы (жыпықтау);
11. Сенсорлық басқару;
12. Суыту қарқындылығының үш деңгейі:
  - жоғарғы – толық ағым;
  - орташа – толық ағымнан 20%;
  - төменгі – толық ағымнан 3%;
13. Мерзімдік тазарту және алдын алу үшін аспап корпусының бөлшектелуін қажет етпейтін жеңіл қолжетімділік мүмкіндігі;
14. Баспақтау цилиндрлерінің диаметрін автоматты түрде анықтау;
15. Жеңіл басқаруға арналған айналмалы-баспа түймесі;
16. Алдын ала қыздыру функциясы;
17. Қысымды жоғары дәлдікпен бақылауға болатын гидравликалық жүйе;
18. Сынықты/кеуекті үлгілер үшін екі сатылы қыздырумен және күш көрсетумен жабдықталған жүйе;
19. Өлшемдері (БxЕxТ): 450x480x560мм артық емес, салмағы 35 кг. артық емес;
20. Электр қуат беру 1x220-240В, 50Гц, қуаты 1300 Вт. артық емес, шудың максималды деңгейі: 56 дБ.

Жеткізуге қажет:

1. Пресс- 1 дана;
2. Құю қондырғысы, құрамы - диаметрі 40 мм цилиндр, жоғарғы және төменгі плунжерлер, қыздыру және суытуға арналған құрылғы, бекіту құрылғысы. Жиынтыққа жоғарғы плунжерды автоматты түрде көтергіші кіру қажет - 1 дана;
3. Пресс плунжерлерін тазартуға арналған қырғыш - 1 дана;
4. Құрамында баспақтаудың 10 тұтынушылық әдістері бар автоматты гидравликалық пресске арналған баспақтау әдістерінің мәліметтер базасы;

5. Ыстық шайырдың пресс пленжерлеріне жабысуынан сақтайтын стеарет ұнтағы, 8 грамм. 1 дана;
6. Фенол шайыры, қара, 7,5 кг кем емес.

Автоматты электргидравликалық пресының бағасына жеткізу, орнату, қосу және жабдықта жұмыс істеп үйрету кіруі қажет.

Ректор

*Проректор*

Жоба жетекшісі



Шаймарданов Ж.К.

*Габриелша*

Плотников С.В.

### ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Өскемен қаласына дейінгі DDP шарттары (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген.

Төлем шарттары: Жеткізгеннен кейін.

Тауарлар тізбесі тапсырыс берушімен келісілсін.

Жеткізу уақыты: Келісім-шартқа қол қойылған күннен 45 күнтізбелік күн.